

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында 2017 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасының ер азаматтарын есепке алу және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімінің 2016 жылғы 18 қарашадағы № 20 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 желтоқсанда N 3950 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16 бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2017 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім" республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге тұратын жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын есепке алу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары М. М. Жұмабаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылжар ауданының
әкімі*

Б.Жұмабеков

*КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс Министрлігінің
"Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданының
қорғаныс істері жөніндегі
бөлім" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
бастығы
18 қараша 2016 жыл*

А.Ж. Бикешев